

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Астана қаласы әкімінің м.а. 2013 жылғы 30 шілдедегі № 107-1266 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылғы 1 тамыздан бастап мынадай:

1) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 маусымдағы № 22-610қ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 16 шілдеде № 587 болып тіркелген, 2009 жылғы 17 қыркүйектегі № 103 (2424) «Астана ақшамы», 2009 жылғы 17 қыркүйектегі № 111 (2412) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) ;

2) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 30 маусымдағы № 22-610қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 16 маусымдағы № 22-542қ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 28 маусымда № 680 болып тіркелген, 2011 жылғы 14 шілдедегі № 78 (2688) «Астана ақшамы», 2011 жылғы 14 шілдедегі № 83 (2693) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

Әкімнің міндетін атқарушы

С.Хорошун